

### 3-МОДУЛЬ. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

**1. 10 тақырып. Сақтар, скифтер: «Алтын адам» .**

**2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері:** Сақтардың мәдениеті туралы нақты мәліметті Есік қорғаннан табылған «Алтын киім» киген жауынгер туралы мәлімет беру.

**3. Лекция мазмұны.** Сақ заманы тайпалары мәдени шығармашылығының ең жарқын көріністері арасында қолданбалы өнері ерекше орын алды. Соның ішінде аң стилді бейнелеу шығармашылығы ерекше аталды. Онда бұғы, қой, түйе, жолбарыс, барыс, қыран т.б. аңдардың бейнесі сомдалып жасалды. Аң стиліндегі өнер хайуандар бейнелерін нақты бейнеленген. Сонымен қатар аң стиліндегі жасалған өнері мазмұны жағынан мифологиялық өнер болды. Сақ тайпаларының мәдениеті сол кездегі көшпелілердің идеологиялық көзқарасында көрсете білді. Сақтардың мәдениеті туралы нақты мәліметті Есік қорғаннан табылған «Алтын киім» киген жауынгерлердің бейнесінен көруге болады, алтынмен жасалған ою-өрнек, тағы басқа бейнелер қаз қалпында сақталған. Ал сақтардың басқадай қолданбалы маңызды түрі ою-өрнектері болды, ол аң стилі өнерімен байланыста дамыды. Көркемдік металға қарағанда ою-өрнек өнерінің ескерткіштері аз сақталатыны мәлім, өйткені ою-өрнек салынатын органикалық негіз /тері, киіз, ағаш, жүн, металдар/ тез шіріп кетеді. Сондықтан да ою-өрнектердің кейбір ерекше түрлері /алтын, күміс, металл/ ғана сақталған. Сондай-ақ, сақ заманының көркемдік шығармашылығын жартастардағы суреттер толықтыра түседі. Мысалы, «Таңбалы тас» /Алматы облысы/.

Осыдан 50 жыл бұрын Есік қаласына бастайтын күре жолдан Алтын киімді адамның сүйегі табылғаны туралы ақпарат бүкіл әлемнің басылымдарында жарияланды. Оны археолог-тарихшы, марқұм Бекмұхамбет Нұрмұханбетов тапқан еді. Балама болар басқа құнды жәдігер әлемнің ешбір елінде осыған дейін табылмағандықтан, тарихшылар оны бірауыздан жаңалық деп қабылдаған.

**Елімізде қанша «Алтын адам» табылған?** Ол — Батыс Қазақстан облысында жерленген сармат дәуіріндегі көшбасшының сүйегі екені анықталды. Ал бұған дейін Қазақстан аумағынан үш «Алтын адам» табылғанын бірі білсе, бірі біле бермейді. Олар Алматы, Атырау және Шығыс Қазақстан облыстарынан табылған. Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» туралы Tengrinews.kz тілшісі материалында. Ең бірінші табылған «Алтын адам» 1969-1970 жылдары Алматы облысы маңынан табылған «Алтын адам» алыс-жақын елдерді елең

еткізгені анық. Археолог Кемел Ақышев Алматы облысы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесін тапты. Тарихи жәдігердің киімі 4 мыңға жуық алтын әшекеймен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін «хайуанат нақышында» жасалған. Бассүйектің сол жағынан жақұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 сантиметр шамасында. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, іш көйлегі, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, камзолы құрастырылмалы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылған, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған қынға салынған темір қанжар — ақинақ, шалбар балағы да алтын тоғалармен әшекейленген.

Есік қорғанынан табылған Сақтар тайпасының жас көсемінің зиратынан табылған бұл адамның біздің заманымыздан бұрынғы V-IV ғасырларда өмір сүргені анықталған. Киім үлгісі, жерлеу рәсімі, «Алтын адамның» Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті ел басшысының ұлы немесе жас көсем, әскербасы екенін көрсеткен. Көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология тағы басқа салалардан мол дерек беретін «Алтын адам» сол кездегі сақтарда мемлекеттік өркениет ертеден қалыптасқанын дәлелдеген. «Алтын адам» Қазақстанның азаттық символына айналып, оның төбе бөрііндегі қанатты тұлпарлар бейнесі елтаңбамызға енген. «Әуелде «Алтын адам» деген атау Есік қорымынан табылған жәдігерлерге байланысты қойылған болатын. Сөйтсек, ондай адамдар Шығыс Қазақстанда да, Орталық Қазақстанда да бар болып шықты. Кейде маған әр аймақ өзіне бір-бір «Алтын адам» тауып алғандай болып көрініп кететіні бар. Бұл бір қызық тенденция болып кетті. Шыны керек, қазір адамдар шатасатын болды. «Неше «Алтын адам» бар?» деген сұрақтар мен «Біздікі бірінші, сендердікі бесінші» деген даулар да туындап жатыр. Осы орайда «Алтын адам» деген түсінікті, ұғымды пайдалануға мұқият болу қажет сияқты. Менің пікірімше, «Алтын адам» деген тіркесті тек Есік обасындағы жәдігерлерге қатысты пайдалану қажет. Қалғандарына басқа атау пайдаланса да болады. Мысалы, Қарқаралы адамы немесе Тарбағатай адамы деген сияқты атаулар несімен жаман? Біздікілер болса айналдырып келіп «Алтын адам» деп шулата береді», — археолог Айбар Хасеналин e-history.kz басылымына берген сұхбатында.

Атыраудың «Алтын адамы» 1999 жылы Әлкей Марғұлан атындағы археологиялық экспедициясы кезекті қазба жұмыстарын Аралтөбе қорғанына

жасап, Атыраудың «Алтын адамы» атауын алған екінші ескерткішті тапқан. Зерттеу нәтижесінде бұл алтын киім киген сақ жауынгерінің қалдықтары екені анықталған. Тарихи олжаны археолог Зейнолла Самашев тапқан. Біздің заманымызға дейін III ғасырға жататын алтынмен көмкерілген жауынгерді оның болат семсеріне қарап ғалымдар сарматтардың көсемі деген қорытындыға келген екен. Аралтөбенің «Алтын адамы» 1999 жылы Аралтөбе қорғанынан негізінен үш зират қазылып, оның алғашқысынан адамдардың қаңқалары мен олар қолданған шыны моншақтар, жебе ұштарының сынықтары табылған. Екіншісінен басы оңтүстікке қаратылып жерленген мүрде жанынан жүзден аса жебесі бар қорамсақ, бүйірлі үлкен қыш құмыра, темір қылыш кездескен. Қазылған үшінші зираттан алтын киімді адам табылған. Аралтөбенің «Алтын адамы» Оның сырт киімі түгелдей алтын әшекейлермен безендірілген. Шашбауы, қару-жарағы, қорамсақ жиектері, асатаяғындағы самұрық бейнесі алтынмен апталған. Әйел және ер адам мүрделерімен бірге олардың аяқ жағында мәйіт жанынан екі жылқы мен қыран құс сүйектері, жүзден астам жебесі бар қорамсақ, қыш құмыра, қайқы қылыш табылған. Ер адам киімі әшекейлі алтын бұйымдармен безендірілген, тіпті шашын түйген байламшасы, жанындағы қару — жарақтары, қорамсақ жиектері, асатаяғындағы самұрық бейнесіне шейін алтын мен апталып, әшекейленген. Табылған бұйымдар, киім үлгілері және салынған өрнектердің, әшекейлердің табиғаты бұл ескерткіштің қазақ даласында біздің заманымызға дейін III ғасыр — біздің заманымыздың IV ғасыры аралығында өмір сүрген сармат тайпаларына тиесілі екені дәлелденген. Белгілі шебер Қырым Алтынбеков қалпына келтірген бұл ескерткіш қазір Атыраудың облыстық музейінде тұр. Шілікті «Алтын адамы» Шіліктіден «Алтын адам» 2003 жылы табылған. Оның жерлеу мерзімі біздің заманымызға дейінгі VIII ғасырға жатады, демек ол Есіктегі «Алтын адамнан» 400 жылға үлкен. Тарихшы Әбдеш Төлеубаевтың сөзінше, көне қорым топырақ жастанған тас қорғанда сақталған. Құрылыс формасы қиық пирамида іспетті келеді. Қорымның ішінен 4303 алтын бұйым табылған. Шіліктідегі «Алтын адам» найзасының көшірмесін жасауға 17 миллион теңге жұмсалған Оның арасында сирек кездесетін алтын қаптырмалар да бар. Бір түйме-қаптырмада алтын арқар суреттелген, сондай-ақ бүркіт, аю және барыс бейнеленгендері де бар. Сондай-ақ археологтар көк таспен әшекейленген бесжұлдыз қаптырманы да тауып алған. Бұл бағалы бұйымдардың басты артықшылығы — балқыту тәсілімен жасалынуында. Ал Есіктегі «Алтын адам» әшекейлері жұқа алтын қаңылтырдан қалыпталып, нақыштап кесіліп қондырылған. Шілікті «Алтын адамы» Еске салайық, 26 қазанда Ақтөбеден 300 шақырым жерден сармат дәуіріндегі көшбасшының сүйегі

табылған. Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының қызметкерлері Ақтөбе облысы, Темір ауданы Тасқопа ауылында қазба жұмыстарын жүргізген. Тамыздың басынан ғалымдар төрт жерлеу орнын зерттеген. Археологтар солардың бірінен 6 метр тереңдікте орналасқан жерден біздің заманымызға дейін V ғасырда өмір сүрген адамның сүйегін тапқан. Зерттеушілердің сөзінше, жерленген адамның қоғамдағы беделі жоғары болған. Сондай-ақ қабірден қымбат металмен көмкерілген ат және тарту элементтері табылған. Экспедиция басшысы Арман Бисембаевтың сөзінше, ескерткіш Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» дәуірімен бір уақытта өмір сүрген.

**Алтын адам жайлы деректер:** Алтын адам табылған қорған бұл өңірдегі обалардың ішінде ұрлықшылардың тонауынан аман қалған жалғыз қорған. Сақ жауынгерінің денесі обаның негізгі бөлігінде жатқан жоқ. Бәлкім, оның сақталып қалуының сыры осында болар.

Қорғанда хан әулетінен шыққан әкесі мен баласы жерленген болуы да мүмкін. Табылған алтын адамның хан әулетінің ұлы екені белгілі.

Алтын адамның киіміндегі алтынның нақты салмағы белгісіз. Мектеп оқулықтарында киімнің салмағы жиі жазылғанымен, нақты алтынның салмағы аталмайды.

Алтын адам киіміндегі жапсырмалар таза алтыннан жасалмаған. Олардың негізі ағаштан жасалып, сыртын алтын жұқалтырмен қапаған. Дәл осы себепті, алтынның нақты салмағы әлі күнге белгісіз болып отыр.

Есік қорғанынан табылған алтын адамның жасы 16-да болса, оның бойы 165 сантиметр болған. 80 сантиметрлік бас киімде дүниенің төрт бұрышын және билікті білдіретін 4 жебе бар. Осы белгісіне қарай Алтын адам хан әулетіне жатқан деп топшыланады.

Сонымен қатар, обадан 2 алтын жүзік табылған. Біреуінің беті тегіс болса, екіншісінде жалы не қауырсыны бар адам бейнеленген. Алтын адамның бас сүйегі сынған. Сақ жауынгері жерленген камера төбесі Тянь-шань шыршасының бөренелерімен жабылған. Уақыт өте келе бөренелердің біреуі шіріп, сақ жауынгерінің бас сүйегіне құлаған. Ал жауынгер арқасынан қылыштың жүзімен соққаннан мерт болған.

Алтын адамның киімі қызыл күдеріден тігілген. Археологтар қорғанды тапқан уақытта, тек алтын сауыт, әшекей-бұйымдар мен ыдыстар сақталып қалған. Алайда, Бекен ата обадан қызыл күдерінің қиындысын тауып алған. Сол арқылы алтын адамның киімі қалпына келтірілді. Сақтардың ұғымында қызыл түс қан түсін білдірген.

«Алтын адам,

Алтын адам...

Адам жоқ!

Алтын қалған жарқыраған» деп Мұқағали ақын жырға қосқан Алтын адам туралы айтылған ақиқат та, аңыз да көп. Сонау 1970 жылдары тек Қазақстан үшін емес, төрткүл әлем үшін үлкен жаңалық болған Алтын адамның жұмбағы күні бүгінге дейін толық шешілмей келеді. Тарихшы ғалымдар, антропологтар мен археологтар Алтын адамды жан-жақты зерттеп жатқанымен, әлі де көпшіліктің көкейінде сұрақ жетерлік. «Алтын адам кім еді, қыз ба, жігіт пе, жауынгер ме, ханзада ма, сақ тайпасынан ба, үйсіннен бе, қазір оның сүйегі қайда?» осы сияқты сұрақтарға қатысты дау көп. «Алаш айнасы» осы Алтын адам төңірегіндегі сұрақтарға жауап іздеп көрген еді?

Алтын адам қашан, қайдан табылды?

Алтын адам 1967-69 жылдары археолог-ғалым Кемал Ақышев басқарған экспедиция жұмысының нәтижесінде Алматы маңындағы Есік қорғанынан табылғаны белгілі. Бұл нақты тарихи дерек. Алайда кейбір ғалымдарымыз Алтын адамды Есік қорғанының маңында ойнап жүрген балалар тауып алған деседі, кейбіреулер бұл тарихи құнды жәдігерді ұлты башқұрт қарапайым жүргізуші тауып алған деген деректерді де келтіреді. Дегенмен Есік қорғанынан табылған Алтын адамды өз қолымен аршып алған экспедиция мүшесі археолог-ғалым Бекмұханбет Нұрмұхамбетұлы баспасөз беттеріне берген сұқбаттарында обаның қалай табылғанын, экспедиция жұмысының қалай жүргенін бүге-шүгесіне дейін айтып жүр.

**Бекмұханбет НҰРМҰХАМБЕТҰЛЫ, археолог-ғалым:**

– Кеңес одағы кезінде кез келген құрылыс нысанын жүргізбес бұрын, ол жерге археологиялық барлау жасалатын. 1963 жылы Есік көлі тасып, маңындағы ауылды шайып кеткен кезде сол жердегі автобекет те тасқын астында қалған екен. Осы автобекетті қайта салу үшін құрылыс орнына барлау жасалды. Сол жерде 4-5 оба бар екен. Көп ұзамай 1969 жылы Кемал Ақышевтің тапсырмасымен Айтбек Амандықов екеуміз зерттеу жұмыстарын бастадық. Алғашында қорғанның тұтас аумағын қоршап, тең жартысын қаздық, онымыздан түк шықпады. Бір жылдан

кейін қазба жұмыстарын қайта жалғастырдық. Айлар бойы айтарлықтай ештеңе таппағанымызға қынжылдым. Бірақ түйсігімнің түбінде бір ой мені осы жерден жібермей тұрғандай сезімде болдым. Әбден кетуге айналғанымызда бульдозермен тағы бір түрткіздік. Осы заматта бульдозердің тұмсығы бөренеге тірелді. Бұл оба екі құдықтан сәл қиыс шетте, үлкен қорғанның бір жақ жанында жатыр екен. Ары қарай күрекпен арши бастадық. Алдымен ағашпен қапталған обаның сыртын түгел тазаладық, кейін бөренелердің төбесін аштық. Обаны жасағанда бөренелерді жымдастырып, қиюластырып бекіткен екен. Биіктігі 1,5 метр. Алдымен сол ағашпен қапталған табытты тазалап шықтық. Обаны ашпас бұрын мән-жайды Кемал Ақышевке айтып, ол кісі бастаған археологиялық топ жұмысты ары қарай жалғастырды. Топ құрамында археолог Александр Степанович, ең алғашқы көшірмесін жасаған реставраторлар, Владимир Садамсков, фотограф Олег Медведов, суретші Тамара Воробьева мен ҚазҰУ студенті Әлішер Ақышев болған еді. Содан кейінгі жұмысты Кемал Ақышев қолына алды. Ол Шығыс Германиядан Есік қорғаны жайлы альбом шығарып, әлем жұртшылығының назарын Қазақстанға аударды. Үш жыл бойы еңбектеніп, Алтын адамның алғашқы макетін макетін жасатты.

Алтын адам кім?

Алтын адам – ескерткіш-мүсін емес, алтын киімді адам. Ғалымдардың айтуынша, обаның салыну нобайына қарағанда бұл жай адам емес патша, хан, қаған сынды лауазым иесі болған көрінеді. Еті ағып, тек сүйегі сол күйі ішінде қалған Алтын адамның киіміне 4000-нан аса ұсақ әшекейлер тағылған екен.

Осы қорғанда 1969-71 жылдары зерттеумен айналысқан археолог-тарихшы К.Ақышевтің болжамы бойынша, Есік қорғаны б.з.б. V–IV ғасырларға жатады. Антропологтың анықтауынша, мүрденің жасы 16-18. Байпақов оны б.з.б IV ғасырдың аяғы, III ғасырдың басына жатқызып, жерленушіге 17-18 жас береді. Тап басып айту қиын.

Оразақ СМАҒҰЛОВ, антрополог:

– Алтын адамды біреулер ер адам, біреулер әйел дейді. Кемал Ақышев менің қолыма Есіктегі Алтын адамның маңдай сүйегі мен төменгі жақ сүйегінің қалдықтарын берген еді. Оның төменгі жақ сүйегі өте биік, маңдайындағы қабақ сүйектері жақсы жетілгендіктен оны ер адам деп болжам жасадым. Сондай морфологиялық ерекшеліктерін де ескере отырып, оны шамамен 20 жастағы жауынгер деп анықтама бердім. Ал нақты әйел не еркек екенін білу үшін

хромосомалық анализ жасау керек. Өкінішке орай, қазір сүйектің қайда екенін білмеймін.

Ал алтын адамның әйел адам екеніне тарихшы Еділ Ноянов өзінше дәйек келтіреді. Оның айтуынша, алтын адамның бойы 165 см. Оның мойнында алтын алқасы, бір құлағында сырғасы болған. Басындағы бас киімінің биіктігі 70 см, сәукелеге ұқсайды.

Қазіргі таңда ғылым қанша дамыды десек те, алтын адамның ер немесе әйел екенін нақты ажырататын ДНК талдамасы әлі күнге жасалмаған.

Сақ па, үйсін бе?

Алтын адамды алғаш тауып, оны зерттеген ғалым К.Ақышев, қорғаннан табылған ханзаданың мүрдесін сақ тайпасының өкіліне жатқызды. Ғалым Алтын адамның киім үлгісіне, ондағы өрнектерге, жерлену жоралғысына қарап оны сақ тайпасына теліген болатын. Ал қытай деректеріне сүйенетін ғалымдардың біразы Алтын адамның үйсіннен шыққан ханзада екенін дәлелдеп бағуда.

Алтын адамның үйсін ханзадасы екенін алғаш жорамалдаған жазушы Тұрсын Жұртбаев болатын. Қытай жазбаларында үйсіндердің күшейген кезін былайша баяндайды: «Үйсіндер — батыс өңірдегі ең құдіретті мемлекет, олардың 120 мың түтін, 188, 8 мың сауытты әскері болған. Елжау бидің 10 ұлы болған, соның тақ мұрагері етіп белгілеген тұңғыш баласы жас шағында 22 жасында қайтыс болады. Кейіннен әкесі қайтыс болғанда осы ұлының жанына жерленген. Ал Ақышевтің зерттеулерінде Алтын адамның мүрдесінің жанында тағы бір көсемнің мүрдесі болғаны жайлы айтылады. Жалпы дәстүр бойынша әрбір тұлға дара көмілуі керек. Басындағы қорған да жеке болуы керек. Жас ханзаданың әуел басында тұрғызылған қорғаны жеке болған, кейін екінші тұлғаны жерлеуінен кейін біріктіріп, үлкен қорған тұрғызылған. Қорғанның ауданы 60 x 60, биіктігі 6 м., жалпы аумағы 8300 м3. Ақышев бұны екі мүрденің бір отбасынан шыққан жақын туыс екенімен түсіндіреді.

Тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев те алтын адамның үйсін екенін қолдаушылардың бір. Оның айтуынша, осы уақытқа дейін біз сақ, оның ішінде сақ-тиграхауд деп келген Алтын адам қытайдың жылнамалық деректері мен ондағы ғалымдардың тарихи мәліметі оның үйсін қоғамының адамы екенін бұлтартпай дәлелдейді.

Алайда тарихтың тереңіне үңілер болсақ, қазақ даласын мекендеген сақ, ғұн, үйсін тайпларының әдет-ғұрпы да, салт-дәстүрі де бір-біріне ұқсап жатады. Сондықтан Алтын адамды сақ немесе үйсін тайпасының өкілі деп кесіп айтуға да

болмайтын секілді. Сонымен Алтын адамға қатысты бұл мәселе әлі де талай тарихшыны тартысқа түсірері анық.

Музейлерде Алтын адамның көшірмелері қойылған

Есік қорғанынан Алтын адам табылғаннан бері оның бірнеше рет көшірмесі жасалған болатын. Ең бірінші Алтын адамның сүйектерін жинап, киімдерін, әшекей бұйымдарын қалпына келтіруге үш жылын сарп еткен ғалым Кемал Ақышевтің жасаған реконструкциясы көптеген шетелдердегі көрмелерге апарылған болатын. Ал қазіргі еліміздегі музейлерге Алтын адамның реставратор Қырым Алтынбеков жасаған көшірмелері қойылған. Түпнұсқаның алғашқы көшірмесі алюминий металынани жасалып, арнайы технологиямен сырты алтынға ұқсас етіліп жасалған. Ал Қырым Алтынбектің екінші көшірмесі түсті металдан жасалып, алтын жалатылған.

Қырым АЛТЫНБЕК, реставратор:

– Алтын адамның алғашқы реконструкциясын Кемал Ақышев өзі жасаған еді. Кейін мен Алтын адамның көшірмесін жасағанда бұрын ескерілмеген тұстарды ескеріп, Қазақстанның басқа аймақтарынан табылған ескерткіштермен салыстыра отырып, біршама толықтыра түстім десем болады. Тарихты зерттеу барысында әрбір жыл сайын жаңалықтар ашылып, жаңа деректер табылып жатады. Сол жаңалықтарға сілтеме жасай отырып, біз де бұрын жасаған көшірмелерімізді толықтыра түсеміз. Алтын адамның көшірмесін алғаш жасап болғанда бұл аяқталған жұмыс секілді көрінгенімен, қазір қарап отырсам, әлі де талай толықтыратын тұстары бар екен. Кейінгі жылдары Ресейден, Орынбордан, еліміздің басқа да аймақтарынан табылып жатқан Алтын адамға ұқсас жәдігерлерді зерттей отырып, болашақта Алтын адамның тағы бір көшірмесін жасау туралы тың ойлар келуде. Жалпы Еуразия аумағын мекендеген ежелгі тайпалардың мәдениеті бір-біріне ұқсас қой. Меніңше, бізден кейінгі жастар да жаңа технологияларды пайдалана отырып, әлі де Алтын адамды тереңірек зерттейді, толық нұсқадағы көшірмесін жасайды деп ойлаймын. Менің білуімше Алтын адамның алғашқы түпнұсқасы Астана қаласындағы Алтын және бағалы металдар музейінде сақталған. Бұл жәдігер қайта-қайта оқылатын кітап секілді, ғылыми жұмыстардың қайнар көзі ретінде бағалы.

Алтын адамның саны қанша?

Ғалымдар қазақ жерінде алтын адамға ұқсас қорымдардың саны 40-тай болу керек деп болжайды. Бірақ қазақ даласындағы талай аласапыран уақыттарда олардың көбі тоналып, жойылып кеткен екен. Бүгінде Қазақстанның әр өңірінен, айталық,



Шілікті, Аралтөбе секілді қорымадардан табылған Алтын адамға ұқсас жәдігерлердің саны алтыға жеткен екен. Алайда археолог ғалымдар, тарихшылар бұл жәдігерлерді екінші, үшінші Алтын адам деп айтуға болмайтынын ескертеді.

Досым ЗІКІРИЯ, тарихшы:

– Біздің елімізде тек бір ғана Алтын адам бар. Ол Есік қорғанына табылған ханзаданың мүрдесі. Ал қалған өңірлерден табылып жатқан осыған ұқсас жәдігерлерді Алтын адам деуге келмейді. Алтын Адам деп айту ең алдымен оба тоналмаған, қалай көмілді, солай табылғаны абзал. Екіншіден, табылған мүрденің әлеуметтік дәрежесі хан, қаған, патша дәрежесінде болуы шарт. Ең алғаш жерленген күннен бастап, археолог қазғанға дейін ешкім тиіспеген болуы міндет. Біздің кейінгі табылған обаларымызды Алтын адам деуге келмейді. Меніңше, әр өңірден табылған Алтын адам сынды мүрделер өзі табылған орынға қайта жерленуі керек. Осы жәдігерлерді көргісі келетіндер сол орындарға барып көргені жөн.

Алтын адамның түпнұсқасы қайда?

Алтын адамды зерттеп жүрген ғалымдардың біразы оның қаңқасы жоғалып кеткенін айтады. Кейбіреулер Алтын адамның қаңқасын зерттеу жасау үшін Ресейге апарып, сол жақтан қайтарылмады деген де болжамдар жасаған болатын. Бізге белгілісі Алтын адамның өз қолымен ұстаған ғалымдар Кемал Ақышев, археолог Бекмұхамбет Нұрмұхамбетов және антрополог Оразақ Смағұлов. Соңғы екі ғалым да Алтын адамның сүйегін К.Ақышевке қайтарып бергенін айтады. Біз осы Алтын адамның түпнұсқасы туралы сұрап Астанадағы Алтын және бағалы металдар музейіне хабарласқанымызда төмендегідей жауап алдық.

Бердібек ҚАБАЙ, Алтын және бағалы металдар музейінің қызметкері:

– Алтын адамның түпнұсқасы Алтын және бағалы металдар музейінде сақталған. Бірақ біздің музейде көрермендерге негізінен түпнұсқаның алғашқы көшірмесі көрсетіледі. Ал түпнұсқа министрліктің рұқсатымен зерттеуші ғалымдарға көрсетіледі. Болашақта Қазақстанның әр өңірінен табылып жатқан Алтын адамдарға ұқсас жәдігерлердің барлығының түпнұсқасын осы музейге әкелу жоспарланып отыр.

Сонда Алтын адамның қаңқасы жоғалып кетті деп даурыққанымыз бекер ме? Әлде расында, музей қызметкерлерінің Алтын адамның түпнұсқасы деп отырғаны оның сүйегі емес тек алтын киімдері ме? Егер алтын адамның сүйегі өз елімізде болса,

осы уақытқа дейін нақты ғылыми, медициналық сараптамалар неліктен жасалмай отыр?

Түйін

Қалай десек те, Алтын адам – Қазақстанның ең құнды жәдігері, елдігіміздің символы. Біздің елімізде Алтын адам табылғанға дейін әлемде тек перғауындардың зираты тұтас күйінде аршылғаны болмаса, дүниежүзілік деңгейде патшалардың қабірі толықтай табылған жағдайлар кездеспеген. Мұндай қабірлер көбіне тоналған немесе екінші бөлігі жоқ, яки нақты қай уақытқа, қашан, кім қазып алғаны белгісіз болып келеді. Мұндайлардың аса ғылыми құндылығы бола бермейді. Қырымда, Эрмитажда, басқа да мұражайларда тұрған заттардың тұтасқа жуығының құны біздің Алтын аданың құнындай бағалы емес. Ендеше осы тарихи, мәдени құндылығымыз болып табылатын алтынмен апталған адамның құпиясын ашу болашақтың еншісінде.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар.

**5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері:** шолу лекция, проблемалық оқыту технологиясы.

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:**

**1-деңгейдің сұрақтары:**

1. Андық стильдің пайда болуы туралы қандай екі көзқарас бар?
2. Сақ дәуірінде ою-өрнектің қандай түрлері болды?

**2-деңгейдің сұрақтары:**

1. Сақ тайпаларының дүниетанымында қандай нанымдар мен сенімдер болды?
2. Сақ тайпаларында қол өнерінің қай түрі дамыды?

**3-деңгейдің сұрақтары:**

1. Сақ-парсы соғыстарының кезеңдері.
2. Есік қорғаны: «Алтын адам».

**7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері:** Есік қорғанына арналған зертеулермен танысу қажет. Аталмыш археологиялық ескерткішке қатысты бүгінгі тарих ғылымындағы талдаулар мен пікірлерді көрсету қажет. Сонымен қатар, тарихи ескерткіш ретінде жерлеу орнына толық сипаттама беру.

**8. Пайдаланылатын әдебиеттер:**

### **Негізгі әдебиеттер:**

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.
3. Кузенбайулы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.
4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.
5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.
6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.
7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.
8. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

### **WEB-сайттар тізімі:**

1. <http://e-history.kz/kz>
2. [https://vk.com/history\\_qaz](https://vk.com/history_qaz)